

Сақтандыру компаниясы АҚ

Директорлар Кеңесі

БЕКІТКЕН

2024 ж. № 01/24 «10» қаңтардан бастап

хаттама

**«BASEL» САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ АҚ
АТҚАРАТЫН ҚЫЗМЕТІ ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАРҒА ЗИЯН КЕЛТІРУ
ҚАУПІМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ОБЪЕКТ ИЕЛЕРІНІҢ АЗАМАТТЫҚ-
ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН МІНДЕТТІ САҚТАНДЫРУ
ЕРЕЖЕЛЕРІ**

Алматы 2024 ж.

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер
2. Сақтандыру объектісі
3. Азаматтық-құқықтық жауапкершілігі міндетті сақтандырылуы тиіс тұлғалар
4. Сақтандыру шарты және оны жасау тәртібі
5. Сақтандыру шартының қолданылуы және қолданылуын тоқтатуы
6. Шарт тараптарының және үшінші тұлғалардың құқықтары мен міндеттері
7. Сақтандыру сомасын анықтау тәртібі
8. Сақтандыру сыйақысын төлеу көлемі, тәртібі және мерзімі
9. Сақтандыру жағдайын және сақтандыру төлемінің көлемін анықтау
10. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудың шарттары және тәртібі
11. Залал келтірген тұлғаға кері талап қою құқығы
12. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздері
13. Сақтандыру шартын электронды түрде жасасу және Сақтандыру жағдайларын реттеу тәртібі
14. Дауларды реттеу ерекшеліктері

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Осы қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру қағидалары (бұдан әрі - қағидалар) Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі № 580-ІІ "азаматтық-құқықтық қатынастардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Заңына сәйкес әзірленді.- қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің құқықтық жауапкершілігі" (бұдан әрі - Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру саласында туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді және оны жүргізудің құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық негіздерін белгілейді.
- 1.2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Қағидаларда бар өзгеше қағидалар белгіленсе, онда халықаралық шарттың Қағидалары қолданылады.
- 1.3. Осы Ережелерде пайдаланылатын негізгі ұғымдар:
- 1) **апат** – ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) қауіпті өндіріс объектісінде қолданылатын техникалық құрылғылардың қирауы, бағынбайтын жарылыс және (немесе) залалды заттардың шығарылуы;
 - 2) **оқиға** – қауіпті өндірістік объектіде қолданылатын техникалық құрылғылардың істен шығуы немесе зақымдануы, аварияға әкеп соқпаған, технологиялық процесті жүргізу қауіпсіздігін қамтамасыз ететін параметрлерден ауытқу;
 - 3) **қауіпті өндірістік фактор** – үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтіретін қауіпті өндірістік объектілерде апат болған кезде пайда болатын физикалық құбылыс;
 - 4) **атқаратын қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қауіп-қатерімен байланысты объект иесі** – меншік құқығы, шаруашылық басқару құқығы бойынша немесе кез келген басқа да заңды негізде объектіні иеленген, атқаратын қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты жеке және (немесе) заңды тұлға;
 - 5) **атқаратын қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қауіп-қатерімен байланысты объект иесінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі** - қауіпті өндірістік фактордың үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірген залалдың орнын толтыруға қатысты жеке және (немесе) заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасы белгілеген міндеттемесі;
 - 6) **пайда алушы** – осы Заңға сәйкес сақтандыру төлемін алушы тұлға.

- 7) **сақтандыру жағдайы** – орын алған оқиға, атқаратын қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объект иесінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бұл жағдайда сақтандыру төлемін жүзеге асыруды қарастырады;
- 8) **сақтандыру омбудсманы** – Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі» туралы Заңына сәйкес сақтандыру нарығы қатысушыларының арасындағы келіспеушілікті реттеуді жүзеге асыратын өз қызметінде тәуелсіз жеке тұлға;
- 9) **сақтандыру сомасы** – міндетті сақтандыру объектісі сақтандырылған, сақтандыру жағдайы болған кезде сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін көрсететін ақша сомасы;
- 10) **сақтандыру сыйақысы** – объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты белгілеген көлемде сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеттемесін алғаны үшін сақтандырушыға сақтанушы төлеуге тиісті ақша сомасы.
- 11) **сақтандыру төлемі** – сақтандыру жағдайы орын алған жағдайда сақтандыру сомасы шегінде сақтандырушының сақтанушыға (пайда алушыға) төлейтін ақша сомасы.
- 12) **сақтандырушы** – сақтандыру жағдайы орын алған жағдайда сақтанушыға немесе басқа тұлғаға (пайда алушыға) шарт белгілеген сома (сақтандыру сомасы) көлемінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті, сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар заңды тұлға;
- 13) **сақтандырылушы** – бұл тұлғаға қатысты сақтандыру жүзеге асырылады;
- 14) **сақтанушы** – атқаратын қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қауіп-қатерімен байланысты объект иесінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын сақтандырушымен жасасқан тұлға. Егер басқадай сақтандыру шартымен қарастырылмаса, сақтанушы бір уақытта сақтандырылушы болып табылады;
- 15) **үәкілетті орган** – басқаруды және сала аралық үйлестіруді жүзеге асыратын, өндірістік қорғаныс саласында мемлекеттік саясатты әзірлейтін және жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;
- 16) **үшінші тұлға** – өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне қауіпті өндірістік фактор зиян келтірген тұлға.
- 17) **дерекқорды қалыптастыру және жүргізуді қадағалайтын ұйым** – Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» заңының және Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрлері бойынша заңнамалық актілерінің негізінде азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандырудың міндетті түрлері бойынша дерекқорды қалыптастыру мен жүргізуді жүзеге асыратын мемлекеттің қатысуы бар

бейкомерциялық ұйым;
Атқаратын қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объект жұмыскерлері мен иелері үшінші тұлға болып саналмайды.

2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ

- 2.1.** Атқаратын қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қауіп-қатерімен байланысты объект иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру (одан әрі – объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру) объектісі Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасы белгілеген қауіпті өндірістік фактордың үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген залалдың орнын толтыру міндетімен байланысты, атқаратын қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объект иесінің мүліктік мүддесі болып табылады.
- 2.2.** Атқаратын қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қауіп-қатерімен байланысты объектілер Қазақстан Республикасының «Азаматтық қорғау туралы» Заңына сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздікті мағлұмдауға тиіс объектілер болып табылады.
- 2.3.** Өнеркәсіптік қауіпсіздік декларациясы тіркелген объектілер туралы мәліметтер уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылады.
- 2.4.** Егер объект иесінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде объект қауіпті өндірістік объектілерді уәкілетті орган бекіткен декларацияланатын объектілерге жатқызу критерийлеріне сәйкес келмесе, онда сақтанушы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне объектідегі өнеркәсіптік қауіпсіздіктің жай-күйі туралы ақпарат береді.
- 2.5.** Объектінің осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген критерийлерге сәйкес келмеуі объект иесіне объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату құқығын береді. Бұл ретте Сақтандырушының сақтандыру сыйлықақысының сақтандыру қолданылған уақытқа барабар бөлігіне құқығы болады.

3. АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ МІНДЕТТІ САҚТАНДЫРЫЛУЫ ТИІС ТҰЛҒАЛАР

- 3.1.** Атқаратын қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қауіп-қатерімен байланысты объект иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандырылуы тиіс. Атқаратын қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектіні объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасаспай пайдалануға тыйым салынады.
- 3.2.** Атқаратын қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен

байланысты объект иелерінің үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиян үшін өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыруы, басқа тұлғаға қауіпті объектіні уақытша пайдалану құқығын беруі оларды объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасау міндетінен босатпайды.

4. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЖАСАУ ТӘРТІБІ

- 4.1.** Объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру Заңға және осы Ережелерге сәйкес үшінші тұлғалардың пайдасына сақтанушы мен сақтандырушы арасында жасалатын шарт негізінде жүзеге асырылады. Атқаратын қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қауіп-қатерімен байланысты объектінің бірден артық иесі болған жағдайда объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты олардың кез келгенімен сақтандыру полисінде сақтандырылушы ретінде объектінің барлық иелерін міндетті түрде көрсете отырып жасалады.
- 4.2.** Үшінші тұлға өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне қауіпті өндірістік фактордың залал келтіруі салдарынан туындаған міндеттемелер бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыруды сақтандыру шарты қарастырады, моральдық залалды, жоғалған пайданы өтеуді, келісім шарттарын орындамағаны үшін айып төлеуді есептемегенде.
- 4.3.** Объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты міндетті сақтандырудың осы түрі (сыныбы) бойынша қызметті жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар сақтандырушымен ғана жасалуы тиіс. Сақтанушы сақтандырушыны таңдау еркіне ие. Сақтандырушы Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, сақтанушыға объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасудан бас тартуға құқылы емес.
- 4.4.** Объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтанушы сақтандыру сыйақысын төлеуге, ал сақтандырушы сақтандыру жағдайы орын алған жағдайда сақтанушыға (пайда алушыға) осы Ережелерде белгілеген көлемде, тәртіпте және мерзімде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттеледі.
- 4.5.** Объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтандырушының сақтандыру полисін электрондық нысанда рәсімдеуі арқылы жасалады.
- 4.6.** Сақтанушының арызы объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу үшін негіз болып табылады. Арызда сақтанушының сақтандыру шарттарымен танысқандығы туралы белгісі

- болуы тиіс.
- 4.7.** Объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында көрсетілуі тиіс талаптардың толық еместігі үшін жауапкершілік сақтандырушыға жүктеледі. Объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының кейбір шарттарының толық еместігі салдарынан шарт бойынша дау туындаған жағдайда дау сақтанушы мүддесіне қарай шешіледі.
 - 4.8.** Объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтанушының қалауы бойынша сақтандырушыға жазбаша арыз беру жолымен немесе сақтандырушының ақпараттық ресурстарын қолдану арқылы электрондық нысанда сақтанушы мен сақтандырушының өзара ақпаратпен алмасуы арқылы жасала алады.
 - 4.9.** Сақтандыру полисінде Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 826-бабында айтылған шарттардан басқа сақтандырушының бір сақтандыру жағдайы бойынша шекті жауапкершілігінің көлемі көрсетілуі тиіс.
 - 4.10.** Объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру полисінің мазмұны мен рәсімдеуіне қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасымен белгіленеді.
 - 4.11.** Егер сақтандырушы объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын сақтанушының (сақтандырылушының) немесе үшінші тұлғаның жағдайын Заңда қарастырылғанмен салыстырғанда нашарлататын шарттар бойынша жасаса, сақтандырушы сақтандыру жағдайы туындағанда осы Ережелерде қарастырылған шарттарға сәйкес сақтанушы (сақтандырылушы) немесе үшінші тұлға алдында жауапкершілікте болады.
 - 4.12.** Егер сақтандырушы Заңда көзделгенмен салыстырғанда сақтанушының (сақтандырылушының) немесе үшінші тұлғаның жағдайын нашарлататын талаптармен объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан болса, онда сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы Заңда белгіленген талаптармен сақтанушы (сақтандырылушы) немесе үшінші тұлға алдында міндеттеме алады.
 - 4.13.** Объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын электрондық нысанда жасау үшін арыз берген жағдайда сақтанушыдан арнайы бағдарламалық құралды пайдалану талап етілмейді.
 - 4.14.** Дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның интернет-ресурсында объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарын жасасу және сақтандыру жағдайларын реттеу үшін электрондық нысанда пайдаланылатын сақтандыру ұйымының интернет-ресурсына сілтеме орналастырылады.

- 4.15.** Дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым мен сақтандырушы, сақтандырушы мен сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу тәртібі Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленеді.
- 4.16.** Объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу және ол бойынша сақтандыру жағдайларын сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып реттеу кезінде сақтандырушы мыналарды қамтамасыз етуге міндетті:
- 1) сақтанушыға объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының жасалғаны немесе оны жасасудан бас тарту туралы хабарламаны (бас тарту себептерін көрсете отырып) электрондық хабар түрінде дереу жіберу;
 - 2) сақтанушының деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның ақпараттық жүйесі арқылы объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша ақпаратты тексеру мүмкіндігі;
 - 3) сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) үшін сақтандырушының интернет-ресурсына тәулік бойы қолжетімділікті қамтамасыз ете отырып, объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын электрондық нысанда және ол бойынша сақтандыру жағдайы туралы ақпаратты сақтау;
 - 4) сақтанушының (сақтандырылушы, пайда алушы) сақтандырушыға ақпаратты (арыздар, хабарламалар және (немесе) өзге де құжаттар, мәліметтер) электрондық нысанда жасау және жіберу мүмкіндігі:
 - объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу және өзгерту;
 - объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату;
 - сақтандыру жағдайының басталуы туралы хабарлама;
 - келтірілген зиянның мөлшеріне бағалау жүргізу тәртібі;
 - сақтандыру төлемін алу.
- 4.17.** Объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасау және ол бойынша сақтандыру жағдайларын реттеу туралы хабарлама дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымнан жөнелтіледі.
- 4.18.** Объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу және ол бойынша сақтандыру жағдайларын реттеу туралы хабарламалардың тәртібі мен мазмұнына қойылатын талаптарды Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.

- 4.19.** Объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты Электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу арқылы жасалатын болса, егер өзгесін объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты қарастырмаса, осы сақтандыру шарты сақтанушы сақтандыру сыйақысын (егер сақтандыру сыйақысы бөліп төленетін болса бірінші сақтандыру жарнасын) төлеген күннен бастап сақтандырушы ұсынған шарттар негізінде жасалынды деп есептеледі.
- 4.20.** Объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты Электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу арқылы жасалатын болса, сақтанушы осы Ережелерде қарастырылған сақтандырудың шарттарымен танысқаннан кейін сақтандыру сыйақысын (егер сақтандыру сыйақысы бөліп төленетін болса бірінші сақтандыру жарнасын) төлейді, осы арқылы өзіне ұсынылған шарттар негізінде аталған қосылу шартын жасауға өз келісімін растайды.
- 4.21.** Сақтандырушы өз интернет-ресурсын пайдалану арқылы объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасау мүмкіндігін тәулік бойы қамтамасыз етеді.
- 4.22.** Сақтанушы және сақтандырушы арасында ақпараттық өзара әрекеттесу арқылы сақтандыру шартын электрондық нысанда жасау үшін арналған сақтандыру ұйымдарының ақпараттық жүйелерін пайдалану арқылы объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарын жасау бойынша сақтандыру агенттерінің қызметіне жол берілмейді.

5. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫЛУЫН ТОҚТАТУЫ

- 5.1.** Егер объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының шарттары өзгесін қарастырмаса, сақтанушы бірінші сақтандыру жарнасын төлеген кезеңнен бастап объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты заңды күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып саналады.
- 5.2.** Объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты заңды күшіне енген уақытынан бастап 12 (он екі) айдан артық емес мерзімге жасалады.
- 5.3.** Егер объект иесі қызметін 12 (он екі) айдан аз уақыт жүзеге асырса, онда объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты қызмет атқарған мерзімге жасалады, бірақ 6 (алты) айдан аз уақытқа емес.
- 5.4.** Сақтандыру қорғанысының қолдану мерзімі объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының әрекет ету мерзімімен сәйкес келеді.

- 5.5.** Егер объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында өзгесі қарастырылмаған болса, объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының қолданылуы Қазақстан Республикасы аумағымен шектеледі.
- 5.6.** Объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты келесі жағдайларда тоқтатылды деп есептелінеді:
- 1) шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанда;
 - 2) шартты мерзімінен бұрын тоқтатқанда;
 - 3) сақтандырушы объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты белгіленген сақтандыру сомасы көлемінде сақтандыру төлемін (сақтандыру төлемдерін) жүргізгенде.
- 5.7.** Объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату тәртібі, шарттары және салдарлары Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес анықталады.

6. ШАРТ ТАРАПТАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

6.1. Сақтанушы (сақтандырылған) құқылы:

- 1) сақтандырушыдан объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандырудың шарттарын, сақтандыру шарты бойынша өз құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;
- 2) сақтандыру тәуекелін бағалау үшін тәуелсіз сарапшыны шақыртуға;
- 3) келтірілген зиянның мөлшерін бағалау нәтижелерімен және сақтандырушы (оның ішінде сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы) және (немесе) тәуелсіз сарапшы жүргізген сақтандыру төлемі мөлшерінің есептерімен танысуға;
- 4) объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға (бұл құқық тек сақтанушыға қолданылады);
- 5) объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді шешу үшін осы ережелердің 13-бабында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, сақтандырушыға немесе сақтандыру омбудсманьна немесе сотқа жүгінуге;
- 6) арызды және қоса берілетін құжаттарды «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, сақтандыру омбудсманьна (тікелей сақтандыру омбудсманьна, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы арқылы, оның ішінде филиалы, өкілдігі, өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі, интернет-ресурс арқылы) жіберуге;
- 7) қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектіде сақтандыру тәуекелінің төмендеуіне әкелуі мүмкін мән-жайлар,

сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығы немесе ол басталған кезде ықтимал зиян мөлшері өзгерген жағдайда объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының талаптарын өзгертуді талап етуге (бұл құқық сақтанушыға ғана қолданылады);

- 8) осы Ережелерде қарастырылған жағдайларда және тәртіп бойынша сақтандыру төлемін алу;
- 9) Объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында сақтанушының (сақтандырылушының) Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа да құқықтары көзделуі мүмкін.

6.2. Сақтанушы міндетті:

- 1) объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты белгілеген көлемде, тәртіпте және мерзімде сақтандыру сыйақысын төлеуге;
- 2) объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты жасалған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде бұл жөнінде уәкілетті органды хабарландыруға;
- 3) объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасаған кезде сақтандырушыға алдыңғы объект иелерінің жауапкершілігін міндетті және ерікті сақтандыру шарттары, сақтандыру жағдайлары, сақтандыру төлемдері мен объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасау үшін қажетті басқа да мәліметтер туралы ақпаратты тапсыруға;
- 4) сақтандырушыға және уәкілетті мемлекеттік органдарға, олардың құзіретін негізге ала отырып, мән-жайда болған елеулі өзгерістер туралы 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабарлауға, егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің артуына едәуір ықпал жасай алса;
- 5) сақтандыру тәуекелін елеулі түрде арттыруы мүмкін атқаратын қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектіні жоспарланып отырған модернизациялау және (немесе) қайта бейіндеу туралы сақтандырушыны және мемлекеттік органдарды олардың құзыреттерін негізге ала отырып хабардар етуге;
- 6) үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиянды ықпал жасайтын қауіпті өндірістік факторларды болдыртпау бойынша қажетті және мүмкін деген шараларды қабылдауға;
- 7) сақтандыру жағдайы орын алғандығы белгілі болғаннан кейін шұғыл түрде, 3 (үш) күннен кешіктірмей бұл туралы сақтандырушыны хабардар етуге;
- 8) үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиянды ықпал жасайтын қауіпті өндірістік факторлар орын алған жағдайда болуы ықтимал залалдың алдын алу мен оны азайту, сонымен қатар мүлікті құтқару мен жәбірленген тұлғаларға көмек көрсету бойынша орынды және қол жетімді шаралар қолдануға;

- 9) атқаратын қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектідегі апат пен оқиғаның болу себептерін және басқа да мән-жайын дербес тексеру үшін сақтандырушы өкіліне жағдай жасауға;
- 10) бүлінген мүлікті және зақымдалу аумағын сақтандыру жағдайы орын алған күйде сақтандырушы өкілі тексергенге дейін сақтап қалу үшін барлық мүмкін шараларды қамтамасыз етуге (егер бұл қауіпсіздік мүддесіне қайшы келмесе және залал көлеміне ықпалын тигізбесе);
- 11) сақтандырушыға орын алған сақтандыру жағдайының себептері, барысы және салдарлары туралы, сондай-ақ келтірілген залал сипаты мен көлемі жайлы пікір айтуға мүмкіндік беретін қолында бар барлық ақпаратты (қажет болған жағдайда – жазбаша түрде) және құжаттаманы тапсыруға;
- 12) қауіпті өндірістік фактордың үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне залал келтіруі жөнінде талап қою немесе қуыным арызын беру туралы белгілі болғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде бұл жайлы сақтандырушыны кез келген қолжетімді тәсілмен хабарландыруға;
- 13) келтірілген залал үшін жауапты тұлғаға кері талап қою құқығының сақтандырушыға ауысуын қамтамасыз етуге;
- 14) Объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында сақтанушының Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа да міндеттері көзделуі мүмкін.

6.3. Сақтандырушы құқылы:

- 1) сақтандыру шартын жасаған кезде Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде қарастырылған мәліметтерден басқа сақтанушыдан (сақтандырылушыдан) осы Ережелерге сәйкес объект иелерінің жауапкершілігін сақтандыру шартын жасау үшін қажетті мәліметтерді, сонымен қатар алдыңғы объект иелерінің жауапкершілігін міндетті және ерікті сақтандыру шарттары, сақтандыру жағдайлары мен сақтандыру төлемдері туралы ақпарат беруді талап етуге;
- 2) сақтандыру тәуекелін бағалау үшін тәуелсіз сарапшыны қатыстыруға;
- 3) тиісті мемлекеттік органдардан және ұйымдардан, олардың құзіретін негізге ала отырып, сақтандыру жағдайының болу фактісін және үшінші тұлғаларға келтірілген залал көлемін растайтын құжаттарды сұратуға;
- 4) үшінші тұлғалардың бүлінген мүлкін және зақымдалған аумақты тексеруге қатысуға және тексеру актісіне қол қоюға;
- 5) атқаратын қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектіде сақтандыру тәуекелінің (сақтандыру жағдайының орын алу ықтималдығы немесе ол орын алған жағдайда келтірілуі мүмкін залал көлемі) артуына әкеп соқтыра алатын мән-

жайдың өзгеруі жағдайында сақтандыру шарттарының өзгертілуін талап етуге;

- 6) келтірілген залалды өтеуге байланысты қарым-қатынаста сақтанушының (сақтандырылушының) атынан немесе тапсырмасы бойынша талап жасауға;
- 7) сақтанушының (сақтандырылушының) тапсырмасы бойынша пайда алушы қойған қуыным талабына қатысты сотта оның атынан жұмысты жүргізуді өз құзіретіне алуға. Алайда сақтандырушының осы іс-әрекеті сақтандыру төлемін жүзеге асыру бойынша өз міндеттемесін мойындағаны ретінде бағалана алмайды;
- 8) келтірілген залал үшін жауапты тұлғаға кері талап құқығын қоюға.
- 9) Объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында сақтандырушының Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа да құқықтары көзделуі мүмкін.

6.4. Сақтандырушының міндеттері:

- 1) объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғауының қолданылу кезеңінде басталған сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиға) туралы хабардар ету кезінде оны дереу тіркеп, осы сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиға) бойынша мәліметтерді қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымға ұсыну қажет;
- 2) сақтанушыны (сақтандырылушыны) объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарымен таныстыруға, сонымен қатар объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын тараптардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге;
- 3) сақтанушыға (сақтандырылушыға) сақтандыру полисін рәсімдеуге;
- 4) сақтандыру жағдайы орын алған жағдайда осы Ережелер мен сақтандыру шартында қарастырылған тәртіпте және шарттарға сәйкес сақтандыру төлемін жүргізуге;
- 5) сақтандыру жағдайының болған фактісін және сақтандырушы өтеуге тиіс залал көлемін растайтын құжаттар жеткіліксіз болған жағдайда оларды алғаннан кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде жоқ және (немесе) дұрыс емес рәсімделген құжаттардың толық тізімін көрсете отырып, бұл туралы арыз берушіге хабарлауға;
- 6) сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда сақтанушыға (пайда алушыға) бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесін және сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) Қазақстан Республикасы заңнамасының ерекшеліктерін ескере отырып, келіспеушіліктерді реттеу үшін сақтандыру

омбудсманына жүгіну құқығы туралы хабарламаны жазбаша нысанда жіберуге;

- 7) сақтандыру құпиялылығын қамтамасыз етуге;
- 8) сақтанушыдан (үшінші тұлғадан, пайда алушыдан) арыз алған кезде сақтанушының (үшінші тұлғаның, пайда алушының) талаптарын қарауға және 5 (бес) жұмыс күні ішінде дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып, жазбаша жауап беруге;
- 9) сақтанушыдан (үшінші тұлғадан, пайда алушыдан) сақтандыру омбудсманына жіберілетін арызды алған кезде осы арызды, сондай-ақ оған қоса берілетін құжаттарды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде сақтандыру омбудсманына қайта жолдауға.
- 10) Объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында сақтандырушының Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа да міндеттері көзделуі мүмкін.

6.5. Үшінші тұлғалар құқылы:

- 1) қауіпті өндірістік факторлардың олардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиянды ықпал жасауы нәтижесінде орын алған сақтандыру жағдайы туралы сақтандырушыға хабарлауға;
- 2) сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды сақтанушының (сақтандырылушының) орнына жинауға және оларды сақтандырушыға тапсыруға;
- 3) келтірілген залал көлемін бағалау үшін тәуелсіз сарапшының қызметіне жүгінуге;
- 4) келтірілген зиянның мөлшерін бағалау нәтижелерімен және сақтандырушы (оның ішінде сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы) және (немесе) тәуелсіз сарапшы жүргізген сақтандыру төлемі мөлшерінің есептерімен танысу;
- 5) Заң және осы Ережелер белгілеген көлемде, тәртіпте және мерзімде сақтандыру төлемін алуға;
- 6) осы Ережелердің 13-бөлімінде қарастырылған ерекшеліктерді ескере отырып, сақтандырушыға немесе объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін сақтандыру омбудсманына немесе сотқа жүгінуге;
- 7) арызды және қоса берілетін құжаттарды «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы арқылы, оның ішінде филиалы, өкілдігі, өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі, интернет-ресурс арқылы) жіберуге;

- 8) сақтанушыға келтірілген залал сомасының алынған сақтандыру төлемі сомасынан асып түскен мөлшерінде келтірілген залалды өтеу туралы талап қоюға.
- 6.6.** Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда осы тармақта бекітілген үшінші тұлғалардың құқықтары басқа тұлғаларға (пайда алушыларға) ауысады.

7. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ

- 7.1.** Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасы тиісті қаржылық жылға республикалық бюджет туралы заң белгілеген айлық есептік көрсеткіш көлемінде төмендегілерді құрайды:
- 1) 600 000 – егер қауіпті өндіріс факторларының зиянды әсері нәтижесінде жәбірленушілердің ең жоғары ықтимал саны 4000 (төрт мың) адамнан асса;
 - 2) 350 000 - егер қауіпті өндіріс факторларының зиянды әсері нәтижесінде жәбірленушілердің ең жоғары ықтимал саны 2000-нан (екі мыңнан) артық адамды құраса, бірақ 4000 (төрт мың) адамнан аспаса;
 - 3) 225 000 - егер қауіпті өндіріс факторларының зиянды әсері нәтижесінде жәбірленушілердің ең жоғары ықтимал саны 1500-нан (мың жарымнан) артық адамды құраса, бірақ 2000 (екі мың) адамнан аспаса;
 - 4) 115 000 - егер қауіпті өндіріс факторларының зиянды әсері нәтижесінде жәбірленушілердің ең жоғары ықтимал саны 750-ден (жеті жүз елуден) артық адамды құраса, бірақ 1500 (мың жарым) адамнан аспаса;
 - 5) 50 000 - егер қауіпті өндіріс факторларының зиянды әсері нәтижесінде жәбірленушілердің ең жоғары ықтимал саны 300-ден (үш жүзден) артық адамды құраса, бірақ 750 (жеті жүз елу) адамнан аспаса;
 - 6) 30 000 - егер қауіпті өндіріс факторларының зиянды әсері нәтижесінде жәбірленушілердің ең жоғары ықтимал саны 150-ден (жүз елуден) артық адамды құраса, бірақ 300 (үш жүз) адамнан аспаса;
 - 7) 12 000 - егер қауіпті өндіріс факторларының зиянды әсері нәтижесінде жәбірленушілердің ең жоғары ықтимал саны 75-тен (жетпіс бестен) артық адамды құраса, бірақ 150 (жүз елу) адамнан аспаса;
 - 8) 5 000 - егер қауіпті өндіріс факторларының зиянды әсері нәтижесінде жәбірленушілердің ең жоғары ықтимал саны 10-нан (оннан) артық адамды құраса, бірақ 75 (жетпіс бес) адамнан аспаса;
 - 9) 1 000 – басқа да ресми мәлімделген қауіпті өндірістер үшін, егер қауіпті өндіріс факторларының зиянды әсері нәтижесінде жәбірленушілердің ең жоғары ықтимал саны 10 (онға) жетпейтін адамды құраса.

8. САҚТАНДЫРУ СЫЙАҚЫСЫНЫҢ КӨЛЕМІ, ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ МЕРЗІМІ

- 8.1.** Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйақысының көлемі тараптардың келісімі бойынша атқаратын қызметі үшінші тұлғаларға залал келтіру қауіп-қатерімен байланысты объектінің қауіптілік дәрежесіне сәйкес сақтандыру сомасының көлемінен 0,72-ден 2,02-ге дейінгі пайыз шегінде белгіленеді.
- 8.2.** Нақты объект үшін сақтандыру тарифінің мөлшері жыл сайын уәкілетті орган анықтайтын объект қауіптілігінің жалпы деңгейіне байланысты белгіленеді.
- 8.3.** Сақтандыру сыйақысының көлемі сақтандыру шартында көрсетілген сақтандыру тарифін, өндірістік қауіпсіздік саласында уәкілетті орган анықтаған объект қауіптілігінің жалпы деңгейін ескере отырып анықталады.
- 8.4.** Мағлұмдауға және сақтандыруға тиісті қауіпті өндірістік объектілері бар ұйымдардың қауіптілігінің жыл сайынғы жалпы деңгейі туралы ақпаратты уәкілетті органдар өздерінің интернет-ресурстарында көрсетеді немесе қазақ және орыс тілдерінде республикалық мерзімдік басылымдарда жариялайды.
- 8.5.** Объект қауіптілігінің жалпы деңгейін сақтап қалу немесе төмендету кезінде сақтандыру сыйақысы осы бапқа байланысты белгіленген сақтандыру тарифі бойынша төленеді;
- 8.6.** Орташа салалық көрсеткіштермен салыстырғанда объект қауіптілігінің жалпы деңгейі артқан кезде сақтандыру тарифіне объект қауіптілігінің жалпы деңгейінің 1%-на (бір пайызына) 10% (он пайыз) көлемінде арттырушы коэффициент қолданылады.
- 8.7.** Арттырушы коэффициентті ескергенде сақтандыру тарифінің мөлшері Ережелердің 8.1-тармағында белгіленген сақтандыру тарифінің көлемінен артпауы тиіс.
- 8.8.** Сақтандыру сыйлықақылары объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты жасалғаннан кейін 10 (он) күн ішінде бір мезгілде төленеді.
- 8.9.** Объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты кез келген негіздер бойынша өзгерген кезде жаңадан есептелген және бұрын төленген сақтандыру сыйлықақыларының арасындағы айырма 15 (он бес) күн ішінде қосымша төленуге (қайтарылуға) жатады.
- 8.10.** Объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтанушының сақтандыру сыйақысын сақтандыру шарты анықтаған тәртіпте сақтандыру жарналарын төлеу арқылы бөліп төлеу құқығын қарастырады.
- 8.11.** Сақтандырушы сақтандыру сыйақысын ақшаны қолма-қол ақшасыз аудару арқылы есеп айырысу тәсілімен сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы төлеу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

9. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫН ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНІҢ КӨЛЕМІН АНЫҚТАУ

- 9.1.** Қауіпті өндірістік фактордың үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген залалды өтеу бойынша сақтанушының (сақтандырылушының) азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің орын алу фактісі объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы деп мойындалады.
- 9.2.** Сақтандыру төлемінің көлемі келтірілген залалдың көлемі жайында мәлімет беретін апаттың, оқиғаның себептерін тергеу актісі, сот шешімдері және басқа да деректер негізінде сақтандырушымен немесе тәуелсіз сарапшымен анықталады.
- 9.3.** Әрбір үшінші тұлғаның өмірі мен денсаулығына келтірілген залал үшін төленетін сақтандыру төлемінің көлемі тиісті қаржылық жылға жасалған республикалық бюджет туралы заң белгілеген айлық есептік көрсеткіш көлемінде Заңмен анықталады және төмендегілерді құрайды:
- 1) өлім кезінде – 1000;
 - 2) мүгедектік анықталған кезде:
 - I топ – 800;
 - II топ – 600;
 - III топ – 500;
 - мүгедек бала – 500.
 - 3) мүгедектік берілмеген жағдайдағы мертігу, жарақат алу немесе денсаулыққа келтірілген басқа да зақым кезінде – амбулаторлық және (немесе) стационарлық емделуге кеткен нақты шығындар көлемінде, бірақ 300-ден артық емес. Сонымен қатар стационарлық емделудің әрбір күні үшін сақтандыру төлемінің көлемі 2 (екі) айлық есептік көрсеткіштен кем емес мөлшерді құрау керек.
- 9.4.** Мүліктің зақымдалуы кезінде келтірілген залалдың көлемі сақтандыру жағдайы орын алғанға дейінгі мүліктің тозған күйін ескере отырып, оны қалпына келтіруге жұмсалатын шығынды есептеу арқылы анықталады.
- 9.5.** Мүлікті қалпына келтіру сомасы сақтандыру жағдайы орын алған мезгілдегі орташа нарықтық баға мен тарифтер негізінде анықталады.
- 9.6.** Мүлік жойылған кезде келтірілген зиянның мөлшері сақтандыру жағдайы басталған күнгі тозу ескеріле отырып, мүліктің нақты құны негізінде айқындалады.
- 9.7.** Егер мүлікті қалпына келтіру техникалық жағынан мүмкін болмаса немесе экономикалық жағынан тиімсіз болса, онда мүлік жойылды деп есептеледі. Егер болжанып отырған шығындар (қалпына келтіру құны) сақтандыру жағдайы орын алған мезгілдегі есептелген амортизацияны

ескергенде мүліктің нақты құнының 80 %-ынан артық болса, мүлікті қалпына келтіру экономикалық жағынан тиімсіз болып есептеледі,.

- 9.8.** Сақтандыру жағдайы нәтижесінде әрбір үшінші тұлғаның мүлкіне келтірілген залалдың көлемін сақтанушының (сақтандырылушының) немесе пайда алушы болып табылатын басқа тұлғаның арызы бойынша сақтандырушы анықтайды. Қажет болған жағдайда келтірілген залал көлемін есептеу тәуелсіз сарапшы жүргізуі мүмкін. Егер тараптар келтірілген залалды бағалау нәтижесімен келіспеген болса, басқаны дәлелдеуге құқылы. Сараптама өткізуді талап еткен тарап есебінен жүргізіледі.
- 9.9.** Сақтандыру төлемі үшінші тұлғаға келтірілген залал (нақты зиян) көлемінен артық болмауы тиіс.
- 9.10.** Әрбір үшінші тұлғаның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемі осы Ережелердің 9.3-тармағында белгіленген мөлшерде жүзеге асырылады.
- 9.11.** Сақтандырушы келтірілген зиянның мөлшерін айқындау мақсатында қосымша тергеу жүргізуге құқылы. Осыған байланысты ол аварияны, оқиғаны техникалық тексеру материалдарын, мемлекеттік органдардан зиян келтіруге байланысты құжаттарды, медициналық құжаттарды, жоғалған (зақымдалған, опат болған) мүліктің құны, жүргізілген жұмыстардың, келтірілген шығындардың құны туралы бағалауға мүмкіндік беретін шоттарды, сондай-ақ өзге де қажетті құжаттарды талап етуге құқылы.
- 9.12.** Сақтандыру төлемі сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасы шегінде жүзеге асырылады.
- 9.13.** Үшінші тұлғаларға келтірілген залалды толық өтеу үшін сақтандыру сомасы жетпеген жағдайда, сақтандырушы сақтандыру шартында анықталған сақтандыру сомасы шегінде, осы Ережелердің 10.9-тармағында анықталған тәртіпте сақтандыру төлемдерін жүзеге асырады. Сонымен қатар пайда алушы тікелей сақтанушыға (сақтандырылушыға) келтірілген залал сомасының көлемі алынған сақтандыру төлемі сомасынан асып түсетін мөлшерін өтеу туралы талап қоюға құқылы.
- 9.14.** Егер объект иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін бірнеше сақтандырушыларда сақтандырған жағдайда, әрбір сақтандырушы сақтанушы алдында онымен жасасқан шарт негізінде жауапкершілік көтереді, алайда сақтанушы (пайда алушы) барлық сақтандырушылардан алған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы нақты залалдан аспауы керек.
- 9.15.** Сонымен қатар сақтанушы кез келген сақтандырушыдан, онымен жасасқан шартта қарастырылған сақтандыру сомасының көлемінде, сақтандыру төлемін алуға құқылы. Егер алған сақтандыру төлемі нақты

залалды жаппаса, сақтанушы сақтандыру сыйақысының жетпей тұрған сомасын басқа сақтандырушыдан алуға құқылы.

- 9.16.** Келтірілген залал басқа сақтандырушылармен өтелген жағдайда, сақтандыру төлемінен толық немесе жартылай босатылған сақтандырушы көтерген шығындарын шегеріп, сақтандыру сыйақысының тиісті бөлігін қайтарып беруге міндетті.
- 9.17.** Келтірілген залал сондай-ақ басқа тұлғалармен өтелген жағдайда, сақтандырушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемінің сомасы мен басқа тұлғалар өтеген сома арасындағы айырмашылықты ғана төлейді. Сақтанушы келтірілген залалды өтеу үшін үшінші тұлғаларға жүргізілген өзіне белгілі болған төлемдер туралы Сақтандырушыға хабарлауға міндетті.
- 9.18.** Сақтандырушы сақтандыру жағдайына байланысты зиянды болдырмау немесе азайту мақсатында, егер мұндай шығындар қажетті болса және (немесе) Сақтандырушының нұсқаулығын орындау үшін жүргізілген болса, тіпті бұл шаралар табыссыз болған жағдайда да, Сақтанушы көтерген шығындарды өтеуге міндетті. Көрсетілген шығындарды өтеуді Сақтандырушы тиісті шығындар туралы акт алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде, бірақ сақтандыру төлемі жүргізілгеннен кейін жүзеге асырады.
- 9.19.** Сақтанушының көрсетілген шығындары нақты көлемде өтеледі, алайда сақтандыру төлемінің жалпы сомасы мен шығындар өтемақысы сақтандыру шартында қарастырылған сақтандыру сомасынан артпауы тиіс. Егер шығындар Сақтанушы Сақтандырушының нұсқаулықтарын орындау нәтижесінде орын алса, олар сақтандыру сомасына қатыссыз толық төлемде өтеледі.
- 9.20.** Жәбірленуші қайтыс болған жағдайда, Сақтандырушы оның мұрагерлері болмағандықтан жәбірленушіні жерлеуді өз мойнына алған тұлғаға жерлеуге кеткен шығындарының орнын толтырады, бірақ объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты белгілеген сақтандыру сомасы көлемінде.

10. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ШАРТТАРЫ ЖӘНЕ ТӘРТІБІ

- 10.1.** Сақтандырушыға қойылатын сақтандыру төлемі туралы талапты сақтанушы (сақтандырылушы) не пайда алушы болып табылатын өзге тұлға жазбаша нысанда, оның ішінде қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы мынадай құжаттарды қоса бере отырып, ұсынады:

- 1) келтірілген залалды және оның көлемін растайтын құжаттарды қосымша тіркей отырып, залалды өтеу туралы пайда алушының сақтанушы мойындаған талабын, немесе қауіпті өндірістік фактордың үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірген залалды өтеу туралы заңды күшіне енген сот шешімін;
 - 2) 2) залалдың алдын алу немесе көлемін азайту бойынша шараларды қолданумен байланысты шығындарды растайтын құжаттарды (бар болған жағдайда).
- 10.2.** Арыз беруші сақтандырушының талап етуі бойынша сақтандырушыға сақтандырушының пайдалану рұқсаты бар мемлекеттік органдардың дерекқорында және (немесе) ақпараттық жүйелерінде электрондық нысанда бар құжаттарды қоспағанда, сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттардың түпнұсқаларын ұсынуға міндетті.
- 10.3.** Құжатты қабылдап алған сақтандырушы арыз берушіге тапсырылған құжаттардың толық тізімі және оларды қабылдап алу уақыты көрсетілген анықтаманы беруге міндетті.
- 10.4.** Егер сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) сақтандыру төлемі туралы талапты электрондық түрде жолдаған болса, сақтандырушы оған аталған анықтаманы электрондық нысанда бере алады.
- 10.5.** Сақтандыру төлемін жүзеге асырғанда сақтандырушының сақтанушыдан (сақтандырылушыдан) және пайда алушы болып табылатын басқа тұлғадан оның сақтандырушыға талап қою құқығын шектейтін шарттарды қабылдауын талап етуге құқығы жоқ.
- 10.6.** Үшінші тұлға (оның өлімі жағдайында, Қазақстан Республикасының заңына сәйкес оның өліміне байланысты залалды өтеуге құқығы бар тұлға) немесе үшінші тұлғаға (залалдың өтелуіне құқығы бар тұлғаға) Заң және осы Ережелер белгілеген сақтандырушының жауапкершілігі шегінде келтірілген залалды өтеп берген және сақтандыру төлемін алу құқығына ие болған басқа тұлға пайда алушы болып табылады.
- 10.7.** Сақтандыру төлемі осы Ережелердің 10.1-тармағында қарастырылған құжаттарды алған күннен кейінгі 30 (отыз) күннен кешіктірілмей сақтандырушымен жүргізіледі.
- 10.8.** Сақтандыру төлемі уақытылы жүргізілмеген жағдайда сақтандырушы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі белгілеген тәртіпте және көлемде пайда алушыға тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.
- 10.9.** Сақтандырушы немесе сот шешімі сақтандыру жағдайы деп мойындаған қауіпті өндірістік фактордың үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген залалды өтеу туралы арызды қанағаттандыру олардың түсу тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады, ал егер бірнеше арыз бір уақытта түскен жағдайда келесі кезекпен қарастырылады:

- 1) бірінші кезекте жеке тұлғалардың өмірі мен денсаулығына келтірілген залалды өтеу туралы талаптар қанағаттандырылады;
- 2) екінші кезекте жеке тұлғалардың мүлкіне келтірілген залал өтеледі;
- 3) үшінші кезекте заңды тұлғалардың мүлкіне келтірілген залал өтеледі.

11.ЗАЛАЛ КЕЛТІРГЕН ТҰЛҒАҒА КЕРІ ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫ

11.1. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушы келесі жағдайларда төленген сома шегінде сақтанушыға кері талап қоюға құқылы:

- 1) сақтанушының (сақтандырылушының) сақтандыру жағдайының пайда болуына немесе оның орын алуына бағытталған қасақана әрекеттері;
- 2) сақтанушының (сақтандырылушының) сақтандыру жағдайымен себепті байланыстағы, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқықбұзушылық деп танылған іс-әрекеті;
- 3) сақтанушының (сақтандырылушының) залалды азайту мақсатында орынды және қолайлы шараларды қасақана қолданбауы нәтижесінде залал көлемінің артуы;
- 4) сақтанушы (сақтандырылушы) сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы мен оның салдарлары туралы әдейі жалған мәлімет хабарлауы;
- 5) сақтанушының (сақтандырылушының) сақтандыру жағдайының орын алғандығы үшін жауапты тұлғаға кері талап қою құқығынан бас тартуы, сонымен қатар сақтандырушыға талап ету құқығы ауысу үшін қажетті құжаттарды беруден бас тартуы.

11.2. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушыға өзі төлеген сомасы шегінде сақтанушы (сақтандырылушы) объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша өтелген залал үшін жауапты тұлғаға қоя алатын кері талап қою құқығы ауысады.

11.3. Объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушы қасақана әрекет жасау жағдайларын есептемегенде, қауіпті өндірістік фактордың туындауына себеп болған қызметтік, лауазымдық немесе басқа да еңбек міндеттемелерін бұзған олардың қызметкерлеріне кері талап қоюға құқылы емес.

12.САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАН БОСАТУ НЕГІЗДЕРІ

12.1. Егер сақтандыру жағдайы төменде көрсетілген жағдайлар салдарынан орын алса, сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуден толық немесе жартылай бас тартуға құқылы:

- 1) қажетті қорғаныс жағдайында немесе аса қажеттілікпен жасалған іс-әрекетті есептемегенде, сақтандыру жағдайын туғызуға бағытталған немесе оның орын алуына әсер еткен пайда алушының қасақана іс-әрекеті;
 - 2) сақтандыру жағдайымен себеп-салдарлық байланысы бар, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері белгілеген тәртіпте қасақана қылмыс немесе әкімшілік құқық бұзушылық деп танылған пайда алушының іс-әрекеті.
- 12.2.** Егер сақтандыру жағдайы төмендегілерге байланысты орын алса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүргізуден босатылады:
- 1) соғыс қимылдары;
 - 2) азаматтық соғыс, әртүрлі халық толқулары, жаппай тәртіпсіздік немесе ереуілдер.
- 12.3.** Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүргізуден бас тартуына төменде көрсетілгендер де негіз бола алады:
- 1) объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында қарастырылған сақтандыру сомасынан тыс залалды өтеу туралы кез келген талап;
 - 2) сақтанушының (сақтандырылушының) және (немесе) пайда алушы болып табылатын кез келген тұлғаның келтірілген залал үшін кінәлі тұлғадан сақтандыру бойынша тиісті өтемақыны алуы;
 - 3) сақтандырушыны сақтандыру жағдайының орын алуы туралы хабардар етпеуі.
- 12.4.** Сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешімді сақтандырушы отыз күн ішінде бас тарту себептерін дәлелді негіздей отырып және сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) Қазақстан Республикасы заңнамасының ерекшеліктерін ескере отырып, келіспеушіліктерді реттеу үшін сақтандыру омбудсманына жүгіну құқығы туралы хабарлай отырып, сақтанушыға (сақтандырылушыға) және (немесе) пайда алушыға жазбаша нысанда қабылдайды және хабарлайды.
- 12.5.** Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуына сақтанушы (сақтандырылушы) және (немесе) пайда алушы болып табылатын басқа тұлға сотқа шағым түсіре алады.

13. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЭЛЕКТРОНДЫ ТҮРДЕ ЖАСАСУ ЖӘНЕСАҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫН РЕТТЕУ ТӘРТІБІ

- 13.1.** Электрондық ақпараттық ресурстарды алмасу арқылы электронды нысанда сақтандыру шартын жасасу және ол бойынша сақтандыру жағдайларын реттеу үшін сақтандырушының интернет-ресурсы және (немесе) ақпараттық жүйесі пайдаланылады.

- 13.2.**Сақтандыру шартын электрондық нысанда жасасу және сақтандыру жағдайын реттеу үшін өтініш берген кезде сақтанушыдан мамандандырылған бағдарламалық жасақтаманы пайдалану талап етілмейді.
- 13.3.**Сақтандыру шартын жасасу және ол бойынша сақтандыру жағдайларын реттеу үшін электрондық ақпараттық ресурстарды алмасу тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.
- 13.4.**Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып, Сақтандыру шартын жасасу және ол бойынша сақтандыру жағдайларын реттеу кезінде сақтандырушы:
- 1) сақтанушыға сақтандыру шартын жасасу не одан бас тарту (бас тарту себептерін көрсете отырып) туралы электрондық хабарламаны дереу жөнелтуді;
 - 2) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен электрондық хабарлама түрінде сақтанушыны (сақтандырылушыны) реттеу үшін құжаттарды қабылдаудан бас тартуды (бас тарту себептерін көрсете отырып) қоса алғанда, сақтандыру жағдайын реттеу процесінің негізгі кезеңдері туралы хабардар етуді;
 - 3) сақтанушының (сақтандырылушының) Сақтандырушының интернет-ресурсында жасалған сақтандыру шарты бойынша ақпаратты тексеру мүмкіндігін;
 - 4) Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) үшін Сақтандырушының интернет-ресурсына тәулік бойы қолжетімділікті қамтамасыз ете отырып, электрондық нысанда сақтандыру шартын және ол бойынша сақтандыру жағдайы жөніндегі ақпаратты сақтауды;
 - 5) сақтанушыға (сақтандырылушыға, пайда алушыға) төмендегі әрекеттерді жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты (өтініштерді, хабарламаларды және (немесе) өзге де құжаттарды, мәліметтерді) электрондық түрде құру және сақтандырушыға жіберу мүмкіндігін қамтамасыз етеді:
 - сақтандыру шартын жасасу;
 - сақтандыру шартын қайта жасасу, мәліметтерді өзгерту;
 - сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзу;
 - сақтандыру жағдайының (сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиғаның) басталғаны туралы хабарлау;
 - келтірілген зиянның мөлшерін анықтау;
 - сақтандыру төлемін алу;
 - 6) -сақтандыру шартын жасасу және ол бойынша сақтандыру жағдайларын реттеу туралы хабарлама дерекқорын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымнан жіберіледі.

- 7) Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, электрондық ақпараттық ресурстарды алмасу арқылы сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандыру шарты сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеу арқылы төлейтін жағдайда бірінші сақтандыру жарнасын) төлеген күннен бастап жасалған болып есептеледі.
- 8) Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талапты сақтанушы (сақтандырылушы) немесе пайда алушы ретіндегі өзге тұлға сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды қоса бере отырып, жазбаша нысанда, оның ішінде уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы ұсынады.
- 9) Сақтандырушы тәулік бойы сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып, сақтандыру шарттарын жасасу және олар бойынша сақтандыру жағдайларын реттеу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.
- 10) Сақтандыру агенттерінің сақтанушы мен сақтандырушы арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл арқылы электрондық нысанда сақтандыру шарттарын жасасуға арналған сақтандыру ұйымдарының ақпараттық жүйелерін пайдалана отырып, сақтандыру шарттарын жасасу бойынша қызметіне жол берілмейді.

14.ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

14.1. Сақтандыру шартынан дау туындаған жағдайда сақтанушы (үшінші тұлға, пайда алушы):

- 1) сақтандырушыға (соның ішінде сақтандырушының филиалы, өкілдігі, интернет-ресурстары арқылы) талаптар көрсетілген және оның талаптарын растайтын құжаттар қоса тіркелген жазбаша өтінішті жолдауға не болмаса
- 2) “Сақтандыру қызметі туралы” Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, сақтандыру шартынан туындайтын дауларды реттеу үшін сақтандыру омбудсменіне (тікелей сақтандыру омбудсменіне , оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы арқылы, сонымен қатар оның филиалы, өкілдігі, өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі, интернет-ресурсы арқылы) немесе сотқа өтініш жолдауға құқылы.

14.2. Сақтанушы (үшінші тұлға, пайда алушы) сақтандыру омбудсменіне жүгінген жағдайда, сақтандырушы сақтанушының, үшінші тұлғаның

(пайда алушының), сақтандыру омбудсменінің сұрауы бойынша дауды қарауға және шешуге қатысты құжаттар сұралған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде беруге міндетті.

- 14.3.** Сақтандырушы сақтанушыдан (үшінші тұлғадан, пайда алушыдан) өтініш алған кезде бес жұмыс күні ішінде оны қарап, дауды әрі қарай реттеу тәртібін көрсетіп жазбаша жауап береді.
- 14.4.** Сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы), сондай-ақ сақтандырушы сақтандыру омбудсменінің шешімін алғаннан кейін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сотқа жүгінуге құқылы. Бұл ретте сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) үшін сақтандыру омбудсменінің шешімін орындау міндетті емес.